

Кімге: Өскемен қаласының әкімдігіне

Автор: Акпаева Мира Шарипхановна, Өскемен қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мүгедектігі бар адамдарға қызмет, қамқоршылық секторының меңгерушісі

Күні: 18.01.2025 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тарту (Өскемен қаласы мысалында)

Кілт сөздер: Әлеуметтік бейімдеу, қоғамдық инклюзия, қоғамдық интеграция, инклюзивті білім беру, медициналық оңалту, тең құқықтар.

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

Кіріспе

Өскемен қаласында бұл мәселенің өзектілігі ерекше көрінеді, себебі Қазақстандағы көптеген қалалар мен өңірлерде мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктері жиі шектеліп жатады. Бұл мәселе әлеуметтік теңсіздікке, стереотиптерге және адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы кедергілерге алып келеді. Өскемен сияқты индустриалды қалада мүгедектігі бар адамдардың қоғамға толыққанды интеграциясы маңызды, өйткені қалада өмір сүру деңгейі мен жұмыс істеу мүмкіндіктері өте әртүрлі.

Қазақстанның даму стратегиясы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасында мүгедектігі бар адамдардың қоғамға толыққанды тартылуын қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылған. Стратегияда әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру, мүгедектігі бар азаматтарға арналған инфрақұрылым мен қызметтерді кеңейту, олардың жұмыспен қамтылуын арттыру бағытында нақты шаралар көзделген. Бұл стратегия қоғамда мүгедектігі бар адамдарға қатысты көзқарастарды өзгертуге, тең құқықты қоғам құруға ықпал етеді. Мүгедектігі бар адамдар үшін қоғамға бейімделу процесі тек әлеуметтік қатынастармен ғана емес, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, еңбек нарығы және қоғамдық көлік сияқты салалармен де байланысты. Қоғамдық өмірде мүгедектігі бар адамдардың тең құқықтылығы мен мүмкіндіктері артқан сайын, олар өз қабілеттерін ашып, қоғамның толыққанды мүшесі бола алады. Бұл өз кезегінде қоғамның барлық мүшелері үшін оң әлеуметтік және экономикалық әсерлер туғызады [1].

Бұл жазбада мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға тартылуы қазіргі қоғам үшін маңызды мәселе болып табылады және тақырыптың өзектілігіде осында жатыр.

Өскемен қаласында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер мен талдаулар осы мәселенің көп жағдайда шешілмегенін, мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктердің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Дегенмен осы мәселелерді тиянақты орындалуы басшылықтың басты назарында.

Бұл аналитикалық жазбада осы мәселелерді зерттей отырып, Өскемен қаласындағы мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға тартылуы жолында кездесетін кедергілер мен мүмкіндіктер қарастырылады.

Өскемен қаласында мүгедектігі бар 11 839 адам тұрады, төмендегі кестеге назар аударсақ: I топта – 1344 адам, II топта – 4688 адам, III топта – 4145 адам, мүгедектігі бар балалар саны – 1662 адамды құрайды, кестеде жас ерекшеліктері, жынысы бойынша екі жылдық статистикалық салыстырмалы өзгерістерін байқауға болады.

Сондай-ақ, Өскемен қаласы бойынша көру қабілеті бойынша 615 адам, есту қабілеті бойынша 690 адам, 652 адамның қозғалуында қиындықтар бар адамдарды құрайды.

Өскемен қаласындағы 2023-2024 жылдар аралығындағы мүгедектігі бар адамдар туралы салыстырмалы көрсеткіші

Жыл	Мүгедектігі бар адамдардың жалпы саны	Мүгедектік топтық саны	Жас ерекшеліктері	Жынысы бойынша сандық ерекшеліктері
2023	11 740	Ересектер: 1 топ. 1412 2 топ. 4540 3 топ. 4589 Барлығы: 10 541	19 жастан (2005 ж.т.) – 35 жас (1989 ж.т.) - 1477 ; 36 жастан (1988 ж.т.) – 50 жас (1974 ж.т.) - 2316 ; 51 жастан (1973 ж.т.) – 60 жас (1964 ж.т.) - 2162 ; 61 жастан (1963 ж.т.) – жоғарыларлар 4586 адам ;	Еркек – 5 723; Әйел – 6 017;

		Балалар: 1 топ. 166 2 топ. 283 3 топ. 365 18 жас -385 Барлығы: 1 199	0 жастан (2024 ж.т.) – 4 жасқа дейін (2020 ж.т.) - 168 ; 5 жастан (2019 ж.т.) – 7 жасқа дейін (2017 ж.т.) - 278 ; 8 жастан (2016 ж.т.) – 13 жасқа дейін (2011ж.т.) - 630 ; 14 жастан (2010 ж.т.) - 18 жасқа дейін (2006 ж.т.) - 123 мүгедектігі бар бала ; 	
2024	11 839	Ересектер: 1 топ. 1344 2 топ. 4688 3 топ.4145 Барлығы: 10 177	19 жастан (2005 ж.т.) – 35 жасқа дейін (1989 ж.т.) - 1211 ; 36 жастан (1988 ж.т.) – 50 жасқа дейін (1974 ж.т.) - 2316 ; 51 жастан (1973 ж.т.) – 60 жасқа дейін (1964 ж.т.) - 2162 ; 61 жастан (1963 ж.т.) жоғарылар – 4588 адам ; 	Еркек – 5 350 Әйел – 6 489
		Балалар: 1 топ. 196 2 топ 494 3 топ 483 18 жас 489 Барлығы: 1 662	0 жастан (2024 жылы туған) – 4 жасқа дейін (2020 ж.т.) - 215 ; 5 жастан (2019 ж.т.) – 7 жасқа дейін (2017 ж.т.) - 354 ; 8 жастан (2016 ж.т.) – 13 жасқа дейін (2011 ж.т.) - 680 ; 14 жастан (2010 ж.т.) - 18 жасқа дейін (2006 ж.т.) - 413 мүгедектігі бар бала ; 	

Аналитикалық жазбаның мақсаты - Өскемен қаласындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың мәселелерін анықтап тиімді шешу жолдарын ұсыну.

Негізгі бөлім

Өскемен қаласындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тарту мәселелері әлеуметтік интеграция, тең құқықтық пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды болып табылады. Бұл бағыттағы басты мәселелерді анықтап, олардың тиімді шешу жолдарын ұсыну қаладағы әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Төменде Өскемен қаласындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың негізгі мәселелері мен оларды шешу жолдары қарастырылады:

- Инфрақұрылымның қолжетімділік мәселесі;

- Білім беру саласындағы кемшіліктер жайлы мәселе;
- Қоғамдағы стереотиптер мен кемсітушілік туралы мәселе;
- Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы мәселе;
- Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер туралы мәселе;
- Қоғамдық көзқарас және әлеуметтік бейімделу мәселесі;

Өскемен қаласындағы көп қабатты үйлер, қоғамдық көлік және қоғамдық орындар мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы емес. Атап айтқанда, пандустардың жоқтығы, лифтілердің дұрыс жұмыс істемеуі, арнайы орындардың болмауы және қоғамдық көліктердің мүгедектігі бар жандар үшін бейімделмегендігі сияқты мәселелер кездеседі. Кедергісіз орта құру үшін халықтың аз қозғалатын топтарына әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жоспар бекітілді [2].

Дегенмен де, төмендегі 1-суретте көрсетілгендей Өскемен қаласындағы қоғамдық көліктер бейімдеуге басты назарға алынғандығын көруге болады.

1 – сурет. Көлік инфрақұрылымының қолжетімділігі.

Облыста облысаралық, ауданаралық, ауданішілік және қалаішілік бағыттарға қызмет көрсету үшін 669-дан астам автокөлік пайдаланылады, оның ішінде 75 автобус (Өскемен қаласының 59 қалаішілік автобусы, 16 қалааралық автобус) және 4 трамвай тұрғындардың қажеттіліктеріне бейімделген. қозғалысы шектеулі адамдар. 963 аялдаманың 126 аялдамасы жүріп-тұруы шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне бейімделген.




2024 жылы 107 нысанды бейімдеу жоспарланған, Өскемен қаласында 107 нысанның 22-сі бейімделген. Қалған 85 нысан бейімделу үстінде.

Төмендегі 2-суретте облыс аумағында 2024 жылы 383 инфрақұрылымдық нысанды бейімдеу жоспарлануда, бүгінгі таңда 104 нысан немесе 27% бейімделген, салыстырмалы түрде аудандар бойынша бейімделген нысандарды байқауға болады [3].

2- сурет. Облыс көлемінде нысандардың бейімделуі туралы көрсеткіші.

БЕЗБАРЬЕРНАЯ СРЕДА

В 2024 году запланировано адаптировать **383** объекта инфраструктуры
На сегодня адаптированы **104** объекта или **27%**



Сондай-ақ, қалада мүгедектігі бар адамдарды арнайы автокөлікпен тасмалдау үшін 3 мамандандырылған және 7 жеңіл автокөлігі бар «Инватакси» қызметі, «Алтын ай» Қоғамдық Бірлестігі ұйымдастырылған:

«Инватакси» қызметі 2025 жылғы қаңтардан бастап мемлекеттік қызмет болып табылатынын атап өту қажет, осыған байланысты қалалар мен аудандардың әкімдіктері әлеуетті өнім берушілерді анықтап, инватакси сатып алуға немесе 2025 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға қаражат көздеуі қажет. 109640 мың теңгеге бюджеттік өтінім берілді. (46100 мың теңге сомасына лимит және 4 мамандандырылған және 6 жеңіл автокөлікке 63540 мың теңге сомасына қосымша өтінім жеткізілді). Сол сияқты, барлық қоғамдық орындарда (мектептер, ауруханалар, сауда орындары, мәдениет үйлері) пандустар, арнайы туалеттер мен басқа да қажетті құрылғыларды толық орнаса, қоғамдық көліктерде мүгедектер үшін арнайы орындар мен кіру жолдарын толыққанды жасау қажет [3].

Білім беру саласында мүгедектігі бар адамдардың толыққанды білім алу мүмкіндіктерінде де біраз шектеулер бар. Арнайы мектептер мен білім беру мекемелерінің тапшылығы, қолжетімді білім беру бағдарламаларының болмауы, педагогтардың мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеу дағдыларының жетіспеуі секілді мәселелер бар. Шешу жолдарына тоқталсақ:

- Мүгедектігі бар балаларға арналған инклюзивті білім беру бағдарламаларын кеңейту;
- Әрбір мектепте арнайы көмек көрсету үшін оқытушылар мен психологтардан тұратын мамандар тобын ұйымдастыру;
- Мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы кәсіби курстар мен білім беру бағдарламаларын дамыту

Қоғамда мүгедектігі бар адамдарға қатысты теріс стереотиптер мен кемсітушілік әлі де бар. Бұл әлеуметтік кедергілер оларды жұмысқа орналасудан, қоғамдық іс-шараларға қатысудан және қоғамның басқа да

аспектілеріне толыққанды қатысудан шектейді. Ал оны шешу үшін, мүгедектігі бар адамдардың қоғамға интеграциялануы мен оларды қолдауды насихаттайтын ақпараттық науқандарды жүргізу қажет. Мүгедектігі бар адамдарға қатысты стереотиптерді жою үшін бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы жобалар ұйымдастыру және мүгедектігі бар адамдардың қоғамда белсенді болуына ықпал ететін қоғамдық ұйымдарды қолдау қажет.


Мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері шектеулі, себебі жұмыс берушілердің көпшілігі олардың қабілеттеріне сенбейді немесе жұмыс орнын бейімдеуге дайын емес. Мәселені шешу үшін:

- ✓ жұмыс берушілерге арналған тренингтер мен ақпараттық сессиялар өткізу;
- ✓ оларды мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа қабылдау мәселелерін түсіндіру;
- ✓ Мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын құру және олардың еңбек нарығына қатысуын қолдау;
- ✓ Мүгедектігі бар азаматтарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды және гранттарды ұсыну арқылы кәсіпкерлік бастамаларын дамыту [4];

Жалпы Өскемен қаласының 2024 жылғы жыл қортытындысы бойынша ҚР Әлеуметтік кодексі шеңберінде мүгедектігі бар адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мынадай шаралары көзделген: Бос және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, сұранысқа ие мамандықтар мен біліктіліктер бойынша қысқа мерзімді курстарда кәсіптік оқыту, электрондық еңбек биржасы базасында кәсіпкерлік негіздері мен кәсіптік дағдыларға онлайн оқыту (skills.enbek.kz), 400 АЕК мөлшерінде гранттар беру [3].

Төмендегі 4 - суретте Өскемен қаласында 2024 жылдың 1 тамызынан бастап ҚАЕУ-де оқыту әдістемесі саласының маманы болып жұмысқа қабылданды. Жалақының бір бөлігін бюджеттен 70 000 теңге субсидиялайды, қалған бөлігін жұмыс беруші төлейді [3].

4 – сурет. Өскемен қаласында арнайы жұмыс орнын құру.



ТҰРЫСБЕКОВА АЙНҰР ҚАСЫМҚИЗИ
1-ТОП МҮГЕДЕГІ АДАМ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒИНЫ

Қазақстан-Американдық еркін университетімен бірлесіп, талапқа сай арнайы санаттағы қызметкерге арнайы жұмыс орны жасақталған.

Жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға арналған АЛМАЗ көпфункционалды кешені 3,1 миллион теңгеге сатып алынды, оның ішінде:

- микролифт және реттелетін үстел үсті биіктігі бар үстел;
- моноблок;
- FM таратқышы және FM қабылдағышы бар радио класы;
- үлкен түймелері мен қабаттасуы бар пернетақта;
- қашықтан басқару түймелері 100 мм;
- сымды джойстик;
- сымсыз байланысқа арналған қабылдағыш.

2024 жылдың 1 тамызынан бастап ҚАЕУ-де оқыту әдістемесі саласының маманы болып жұмысқа қабылданды.

Жалақының бір бөлігін бюджеттен 70 000 теңге субсидиялайды, қалған бөлігін жұмыс беруші төлейді.

Жыл басынан бері осы санаттағы 381 адам жұмыспен қамту органдарына жүгінді, 243 мүгедек адам жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысты.

Оның ішінде 184 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде: 27 – тұрақты жұмыс орындарына, 157 – субсидияланатын жұмыс орындарына (әлеуметтік жұмыс орындарына – 1, қоғамдық жұмыстарға – 129, жастар практикасына - 4, «бірінші жұмыс орны» жобаларына - 3, «ұрпақтар келісімшарты» - 1, «Күміс жас» - 20 адам) [3].

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 3 адам жолданды және аяқтады, оның ішінде бірнеше адам тұрақты жұмыс орнына орналастырылды.

Порталда кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтті business.enbek.kz 40 адам, олардың 28-і сәтті аяқталғаннан кейін сертификаттар алды. skills.enbek.kz платформада кәсіби дағдылар бойынша онлайн оқытудан 2 адам өтті және біліктілігі бар сертификаттар алды [3].

Бизнес-идеяны іске асыруға 20,7 млн.теңге сомасына 14 мүгедек адамға 400 АЕК (1 476 800) мөлшерінде мемлекеттік грант, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналарға 17,7 млн. теңгеге 12 грант берілген [3].

2024 жылға мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 80 кәсіпорын мен ұйымда квота белгіленді, квота 356 жұмыс орнын құрайды [3].

2024 жылдың 2 тоқсанының қорытындысы бойынша тұтқынға алынған кәсіпорындарда 307 мүгедек адам жұмыс істейді, квота 86,2% орындалды [3].

Мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық және әлеуметтік қызметтер көбінесе сапасыз немесе қолжетімсіз. Ауруханалар мен медициналық мекемелерде арнайы жабдықтар мен қолдау қызметтерінің жетіспеушілігі, сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары туралы ақпараттың аздығы бар. Шешу жолдарын қарастырсақ:

- Мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы медициналық орталықтар мен әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерін құру және дамыту;
- Барлық мемлекеттік және жеке медициналық мекемелерде мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді қызметтерді енгізу қажет;
- Мүгедектігі бар адамдарға арналған психологиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерін дамыту қажет деп ойлаймын.

Мүгедектігі бар адамдардың қоғамда өз құқықтарын қорғауы, әлеуметтік қатысуы мен белсенділігінің төмендігі, олардың қоғам тарапынан жиі дискриминацияға ұшырауы. Жалпы оны шешу үшін мүгедектігі бар адамдарға арналған қоғамдық іс-шаралар мен спорттық бағдарламаларды ұйымдастыру, әлеуметтік қызметтерді пайдаланатын мүгедектігі бар азаматтарға қолдау көрсету үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысын күшейту керек. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық белсенділігін арттыру үшін арнайы жобалар мен шараларды өткізу шарт.

Тақырыпты зерттеу барысында **SWOT талдау** пайдалануда қаладағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тарту бойынша жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін күшті жақтарды нығайтып, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, әлсіз жақтарды азайту және қауіптердің алдын алу қажет.

Өскемен қаласы бойынша мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың бес **күшті жақтарына** тоқталып өтсек:

1. Қоғамға толыққанды интеграция, яғни мүгедектігі бар адамдарды қоғамға тарту олардың толыққанды мүшелері ретінде сезінуге көмектеседі. Бұл адамдар өздерінің әлеуетін ашуға мүмкіндік алады, сонымен қатар олардың құндылықтары мен құқықтары танылатынын сезінеді.

2. Психологиялық және эмоционалдық дамуы. Адам өз жағдайын қабылдап, өзінің қабілеттері мен шектеулерін түсіне бастайды. Бұл процесс өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға көмектеседі.

3. Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету – мүгедектігі бар адамдардың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өмір сүруін қолдайтын қағида.

4. Қоғамдық сана қалыптастыру – бұл адамдардың белгілі бір әлеуметтік топтарға немесе мәселелерге деген көзқарастары мен түсініктерінің жиынтығы. Мүгедектігі бар адамдарға қатысты оң қоғамдық сананы құлыптастыру инклюзивті және тең құқықты қоғам құрудың маңыздылығы.

5. Әлеуметтік дағдылардың дамуы – бұл ретте стереотиптер, инклюзивті мәдениеттің дамуы, жанашырлық пен құрмет сезімін қалыптастыру БАҚ және әлеуметтік желілердің рөлі, қоғамдық ұйымдар мен еріктілердің рөлі, мемлекеттік саясаттың рөлі, қоғамдық орындарда қолжетімділіктің болуы. Жалпы әл ауқаттың жақсаруы.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың **әлсіз жақтары** да аз емес. Мысалы, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, білім беру саласындағы мәселелер, жұмыспен қамту саласындағы қиындықтар, қоғамдық сананың төмен деңгейі, мемлекеттік және әлеуметтік қолдаудың шектеулілігі, психологиялық және эмоционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі, ақпаратқа қолжетімділіктің шектеулілігі, әлеуметтік оқшаулану, қаржылық қиындықтарда бар.

Қаламыздағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың **мүмкіндіктерін** атап өтсек, технологиялық дамудың артуы (технология саласындағы инновациялар көмекші құрылғылар, сөйлеу құрылғылар, виртуалды шындық), кәсіп ашуға (арнайы гранттар мен субсидиялар), жұмыспен қамтылуға, әртүрлі әлеуметтік бағдарламаларды басшылыққа алып мүмкіндіктерді қолдану, инклюзивті білім беру.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың **қауіп-қатерлері** қоғамдық дискриминация және стигматизация, яғни мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдағы теріс көзқарас, қаржылық

ресурстардың тапшылығы, инфрақұрылымның әліде қолжетімсіздігі, жоғары деңгейде білім мен ақпараттың тапшылығы.

Қорытынды

Қорытындылай келе Өскемен қаласында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың талдау жүргіздік. Талдау барысында Өскемен қаласында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартудың тиімді жолдарын шешу үшін Қазақстанның ұлттық жобалары мен бағдарламалары маңызды құрал болып табылады. Бұл жобалар мүгедектігі бар азаматтардың өмір сапасын арттыруға, тең құқықты қоғам құруға, олардың қоғамдағы толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға тартылуы үшін кездесетін кедергілерді жою және мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы қоғамды әділетті әрі инклюзивті етуге болады. Бұл үдеріс тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның бірлескен күш-жігерін талап етеді.

Жоғарыда аталған шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы қаламызда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тартуда қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге болады. Бұл өз кезегінде мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттырып, қаланың тұрақты дамуына негіз болады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді негізге ала отырып мынадай шешімдерді ұсынамын:

Біріншіден, инфрақұрылымды дамыту: Барлық қоғамдық орындарды қолжетімді ету.

Екіншіден, инклюзивті білім беру: Арнайы мұғалімдерді даярлау және оқу құралдарын бейімдеу.

Үшіншіден, жұмыспен қамту: Жұмыс берушілерді ынталандыру және арнайы бағдарламаларды енгізу.

Төртіншіден, қоғамдық сананы өзгерту: Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдағы рөлін дәріптеу.

Бесіншіден, технологияны пайдалану: Қашықтан жұмыс істеу және білім алу үшін цифрлық құралдарды кеңейту.

Нәтижелері:

Осы ұсыныстардың енгізілуі мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тарту нәтижелері келесідей маңызды жетістіктермен сипатталады:

Біріншіден, қоғамдағы теңдік пен инклюзивтіліктің артуы – қоғамда мүгедектігі бар адамдарға деген оң көзқарас қалыптасып, кемсітушілік деңгейі төмендейді. Олар қоғамның толыққанды мүшелері ретінде өздерін сезінеді.

Екіншіден, әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктердің кеңеюі – мүгедектігі бар адамдардың білімге, еңбекке, мәдениетке, спортқа және

қоғамдық өмірге қолжетімділігі артады. Бұл олардың дербестік деңгейін жоғарылатып, қоғамның экономикалық дамуына да үлес қосады.

Үшіншіден, өмір сүру сапасының жақсаруы – инфрақұрылымның бейімделуі, әлеуметтік қызметтердің жетілдірілуі, қолжетімді ортаның құрылуы мүгедектігі бар адамдардың күнделікті өмірін жеңілдетеді және өмір сүру сапасын арттырады.

Төртіншіден, психологиялық және әлеуметтік тұрақтылықтың нығаюы – реабилитациялық бағдарламалар мен психологиялық қолдау олардың өзін-өзі бағалауын жоғарылатып, қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.

Бесіншіден, қоғамның әлеуметтік үйлесімділігінің артуы – мүгедектігі бар адамдарды қоғамға тарту жалпы қоғамның толеранттылығын, бірлігін және әлеуметтік жауапкершілігін күшейтеді.

Осы шаралар жүйелі түрде жүзеге асқан жағдайда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға тарту – олардың құқықтарын құрметтеу мен толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар, бүкіл қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Бұл міндетті табысты жүзеге асыру үшін мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтық қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесінде толықтай іске асатыны анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстанның даму стратегиясы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасы
[//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050)
2. «Мүгедектігі бар адамдардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», - Астана, 2014, – 108 б.
3. Өскемен қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің жылдық қорытындысы, 2024 жыл
4. Халықты жұмыспен қамту туралы 25-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру//<https://law.gov.kz/client/#!/doc/100975/kaz/26.02.2023/372>
5. Қосымша 1,2,3 Суреттер - әртүрлі кестелер, графиктер, белгілер және басқа қосымша ақпарат қоса беріледі.